

БЕКІТЕМІН:
Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту
басқармасының Кентау қалалық адами әлеуетті
дамыту бөлімінің «Әлния» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
меңгерушісі: К.А.Досмуратова



**«Әлния» бөбекжай-балабақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорынының 2022-2023 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жұмыс
жоспары**

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Қамқоршылық кеңес отырысы №1 1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстыру. 2. Білім беру мекеме басшысы К.А.Досмуратованың мекеме қызметінің басым бағыттары туралы есебі. 3. Кеңестің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.	Қыркүйек 2022 жыл	Кеңес төрағасы
2	Мектепке дейінгі мекеменің материалдық-техникалық базасын жарақтандыруға қаражат бөлу туралы.	Жыл бойы	Кеңес төрағасы
3	Қамқоршылық кеңес төрағасының оқу жылындағы жұмыс қорытындысы бойынша есебі	Тамыз 2022 жыл	
4	Мектепке дейінгі мекеменің материалдық-техникалық базасымен қанағаттану деңгейін анықтау бойынша ата-аналарға сауалнама жүргізу.	Қыркүйек 2021 жыл	Кеңес мүшелері
5	Ақпараттық жұмыс -Қамқоршылық кеңестің қызметін реттейтін нормативтік –құқықтық базамен танысу	Қыркүйек 2022 жыл	Кеңес төрағасы
6	«Жаңа оқу жылына арналған мектепке дейінгі мекеме жұмысының негізгі бағыттары» жалпы ата-аналар жиналысына қатысу	Қыркүйек 2022 жыл	Кеңес төрағасы
7	Мектепке дейінгі мекеменің сайтында қамқоршылық кеңестің беттерін жаңарту	Жыл бойы	Хатшы
8	Материалдық –техникалық базаны	Бір жылдың ішінде	Кеңес мүшелері

	<p>дамыту</p> <p>Білім беру мекемесіне материалдық – техникалық базаны дамытуға, білім беру сапасын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;</p> <p>-топтарға ойын жиһаздарын сатып алу(шаштараз, емхана, ас үй)</p> <p>-қайта жинақталған топтар үшін жиһаз сатып алу(шешінуге арналған шкафтар, сүлгілерге арналған ілгіштер, орындықтар, құмыраларға арналған шкаф)</p> <p>-жаңа жылдық мерекелерге арналған музыкалық зал мен холлдарды безендіру(шырша гирляндары, кәдесыйлар)</p> <p>-заттық ойын ортасын кеңейту үшін ойын материалдарын сатып алу (дидактикалық ойыншықтар, балалардың музыкалық аспаптары)</p>		
9	<p>Қамқоршылық кеңес отырысы №2</p> <ol style="list-style-type: none"> 2022-2023 оқу жылында тәрбие білім беру процесін ұйымдастыру. Бөбекжайда бюджет қаражатын бөлу жөніндегі бағыттарды іске асыру туралы Бөбекжайдағы санитарлық – эпидемиологиялық жағдай қағидаларын сақтау. 	Желтоқсан 2022жыл	Кеңес төрағасы
10	<p>Білім беру мекемесінің педагог және өзге де қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсартуға жәрдемдесу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тәрбиеленушілерге экскурсия ұйымдастыру; - Жөндеу жұмыстарын жүргізуге көмек көрсету; - Көрнекі ақпаратты орналастыру үшін стендтер сатып алу. 	Бір жылдың ішінде	Кеңес мүшелері
11	Көрнекі ақпаратты орналастыру үшін «Бір терезе» стендін сатып алу	Бір жылдың ішінде	Кеңес мүшелері
12	«Ақпараттық себеттер» (ағымдағы проблемаларды анықтау, жедел ақпараттандыру және проблемалық жағдайды шешуге ата-аналардың өтінімі бойынша қызметтер мен мамандарды тарту)	Бір жылдың ішінде	Кеңес мүшелері
13	Ата-аналарға арналған жадынамалар (ақпаратты топтарда стендтерде орналастыру)	Бір жылдың ішінде	Кеңес мүшелері
14	Қайырымдылық марафондары	Наурыз	Кеңес мүшелері

15	Қамқоршылық кеңес отырысы №3 1. 2022-2023 жылға арналған балабақша бюджеті туралы 2. Балабақшада тамақтануды ұйымдастыру туралы 3. «Біз» таза-Қазақстан» тақырыбында аумақты абаттандыруға көмек (учаскелердегі жабдықтарды сырлау сенбіліктер, гүл көшеттерін сатып алу, ағаш бұғаттарын кесу)	Наурыз 2023жыл	Кеңес төрағасы
----	---	----------------	----------------

Хаттама №1

МКҚК «Әлия» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңес отырысы

Өтілген күні: 09.09.2022жыл

Қатысқандар саны -9 адам

Комиссия мүшелері

Пренов Н

Байболова А

Исхаков Ж

Байтемиров Е

Рустемов У

Миянов Б

Жумабаев У

Жақсыбаев Т

Абдиев Н

Шақырылды : Балабақша меңгерушісі-К.А.Досмуратова

Балабақша есепшісі- Р.Айдарбекова

Балабақша психологы- М.Токанова

Балабақша әдіскері- С.Байболова

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстыру.
2. Білім беру мекеме басшысы К.А.Досмуратованың мекеме қызметінің басым бағыттары туралы есебі.
3. Кеңестің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.

I. ТЫҢДАЛДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстыру.

1. **СӨЙЛЕДІ:** Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі К.А.Досмуратова тыңдалды. Ол қатысушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстырып, білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің құқықтарының сақталуына , сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыратындығына тоқталып өтті.

ШЕШІМІ: Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыруда және оны сайлау тәртібінде берілген үлгілік қағидалар ережесі басшылыққа алынсын.

II ТЫҢДАЛДЫ: Қамқоршылық кеңестің төрайымы мен хатшысын сайлау.

СӨЙЛЕДІ: Екінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі К.А.Досмуратова тыңдалды. «Әлия» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңес құрамына:

Пренов Нишанбек мейрбекович Кентау орталық қалалық ауруханасы, жұқпалы аурулар бөлімі, дәрігер-инфекционист.

Байболова Алмагуль Нуралиевна «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернаты, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Исхаков Жумабай Сулейманович «Кентау трансформатор зауыты» АҚ, техникалық қауіпсіздік директоры

Байтемиров Ерболат Сейсенбекович «Ә.Молдағұлова атындағы №19 мектеп-лицейі», сызу-сурет мұғалімі

Рустемов Улан Гафуржанович «Кентау қалалық емханасы» ШЖҚ, инженер

Миянов Бақыт Токташович «Дента-люкс» тіс-емханасы, зубтехник

Жумабаев Уркен Алипбекович ИП «Жұмабай», жеке кәсіпкер

Жақсыбаев Тұрғанбай Калькузович ИП «Жақсыбай» жеке кәсіпкер

Абдиев Нурлан Турғанбаевич Кентау ҚПБ ЖПҚ, аға УППИ полиция майоры

Қамқоршылық кеңес мүшелері болып саналады.

Әрі қарай «Әлия» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңестің төрайымы мен хатшысын ашық дауыс беру арқылы сайлауды ұсынды.

Байтемиров Ерболат Сейсенбекович қамқоршылық кеңестің төрайығына, ал хатшысы ретінде балабақша хатшысы Исабекова Индира Танирбергеновнаны сайлауды ұсынды.

Барлық қатысушылар ұсынылған кандидатураларды бірауыздан сайлады.

ШЕШІМ: «Әлия» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңестің төрайымы мен хатшысы сайлансын.

III ТЫҢДАЛДЫ: Білім беру мекеме басшысы К.А.Досмуратова мекеме қызметінің басым бағыттары туралы есебі.

СӨЙЛЕДІ: Үшінші сұрақ бойынша білім беру мекеме басшысы К.А.Досмуратованың мекеме қызметінің басым бағыттары туралы есебі тыңдалды. Есеп беру барысында балабақшаның басты міндеттерінің бірі мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына бейімдеу, мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың ынталарын қанағаттандыру, жалпы адами және ұлттық құндылықтарға бейімдеу және балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау екендігін атап өтті.

ШЕШІМ: «Әлия» бөбекжай-балабақшасының мекеме басшысының есебі есепке алынсын.


IV ТЫҢДАЛДЫ: Кеңестің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.

СӨЙЛЕДІ: Төртінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңестің төрағасы


Қамқоршылық кеңестің 2022-2023 оқу жылындағы жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.

ШЕШІМ:

1. «Әлия» бөбекжай-балабақшасына қамқоршылық кеңестің төрағасы Е.Байтемиров, хатшысы И.Исабекова сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңестің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспар бекітілсін.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:  Байтемиров Е.

Хатшысы :



Исабекова И.

Хаттама №2

МКҚК «Әлия» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңес отырысы

Өтілген күні: 23.12.2022жыл

Қатысқандар саны -9 адам

Комиссия мүшелері

Пренов Н

Байболова А

Исхаков Ж

Байтемиров Е

Рустемов У

Миянов Б

Жумабаев У

Жақсыбаев Т

Абдиев Н

Шақырылды : Балабақша меңгерушісі-К.А.Досмуратова

Балабақша есепшісі- Р.Айдарбекова

Балабақша психологы- М.Токанова

Балабақша әдіскері- С.Байболова

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру.
2. Балабақшада бюджет қаражатын бөлу жөніндегі бағыттарды іске асыру және ақылы қызмет көрсету үйірмелерінен түскен қаржыны игеру туралы.
3. Балабақшадағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдай қағидаларын сақтау.

I ТЫҢДАЛДЫ: 2022-2023 оқу жылында тәрбие білім беру процесін ұйымдастыру.

СӨЙЛЕДІ: Бірінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері С.Н.Байболова сөз алды. Республиканың мектепке дейінгі ұйымдарындағы білім беру процесі 2022-2023 оқу жылында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі ұйымдардың барлық түрлерінде балаларды мектепте оқуға табысты дайындау үшін сапалы білім беру қызметтерін ұсынуға бағытталған болады. 2022-2023 оқу жылына мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту, мектепке оқытуға табысты дайындау бойынша сапалы қызметтер көрсету мақсатында келесі міндеттер анықталды:

-балалардың дене және психикалық денсаулығын нығайту;

- балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға тарту;

- ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік, физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдылары мен өз бетінше оқу дағдыларын дамыту;

-балалардың жеке қабілеттерін және олардың дарындылығын дамыту;

-балаларды мектепте оқуға мақсатты дайындау деп, жаңа оқу жылында басшылыққа алатын нормативтік құжаттармен таныстырып өтті.

СӨЗ АЛДЫ: Миянов Бахыт балабақша әдіскері С.Байболоваға сұрақ қойды: Баланың тілі кеш шығып жатыр, логопед маманы осы тұрғыда жұмыс жүргізеді ме?

С.Байболова: Балабақшада логопед маманы күнделікті тілінде ақауы бар әр баламен екі сағат жұмыс жасайды.

СӨЗ АЛДЫ: Н. Пренов ересек топтарда психологтың қандай жұмысы жүргізіледі?

С.Байболова: жоғары жас топтарында жылына 3 рет диагностика жүргізіледі, осы жылы сабақтар жоспарланған және әрбір ата-анаға танымдық үдерістерді дамыту және қажетті сабақтар бойынша ұсыныстар беріледі.

ШЕШІМ: 2022-2023 оқу жылына арналған негізгі жылдық мақсаттар мен міндеттерді зерделеуді жалғастыру және іске асыру.

II ТЫҢДАЛДЫ: Балабақшада бюджет қаражатын бөлу жөніндегі бағыттарды іске асыру және ақылы қызмет көрсету үйірмелерінен түскен қаржыны игеру туралы.

СӨЙЛЕДІ: Екінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі К.Досмуратова тыңдалды. Балабақшада бюджет қаражатын бөлу бойынша бағыттардың іске асырылуымен, ата-аналардың төлемақыны әр айдың 16-на дейін төлеу тәртібі және күн тәртібі бойынша негізгі нормативтік ережелермен таныстырды. Сонымен қатар, балабақшада жүргізіліп жатқан ақылы би үйірмесі және қуыршақ театрынан түскен қаражатты балабақшаға дамытушы орта оның ішінде кітап бұрышын жасақтауға сөрелер, кітаптар алуға ұсыныс білдірді.

ШЕШІМ: Балабақшадағы күн тәртібін сақтау.

III ТЫҢДАЛДЫ: Балабақшадағы санитариялық-эпидемиологиялық жағдай қағидаларын сақтау.

СӨЙЛЕДІ: Үшінші сұрақ бойынша медбике Г.Туребаева балабақшадағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың ережелерін сақтау туралы ақпаратпен таныстырды. Ішек және пандемияның алдын алу үшін балабақшада іс-шаралар жоспары жүргізіледі. Балабақшадағы ауыз су режимі қайнатылған және әр 3 сағат сайын өзгереді. Тәрбиеленушілерді тамақтандыру бекітілген перспективалық мәзірге сәйкес жүзеге асырылатынын, балалардың балабақшаға келмеу себептерін анықтай отырып, күн сайын мониторинг жүргізілетінін, ылғалды жинау дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жүргізілетінін, балалардың аурушаңдығын төмендету және денсаулығын нығайту үшін сауықтыру іс-шараларын өткізіп, таңғы гимнастика, таза ауада серуендеу, шынықтыру іс-шаралары, витаминдеу, дене шынықтыру сабақтары мен спорттық мерекелер, жазғы шынықтыру рәсімдері уақытылы жоспарға сәйкес өтілетіні туралы айтты.

ШЕШІМ:

1. Балабақша қызметкерлері мен ата-аналардың бағдарламаға сәйкес салауатты және қауіпсіз тәрбиелеу және білім беру бағдарламаларын жасауды регламенттейтін заңнамалық және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын орындауын қамтамасыз ету.

Жауаптылар: мектепке дейінгі мекеменің барлық қызметкерлері , жас топтарының ата-аналары.

Мерзімі: қыркүйек-мамыр 2022-2023 жж.

2. Балабақшадағы күн тәртібін сақтау, ата-аналардың төлемақысын уақытылы төлеуін қадағалау.

Жауаптылар: тәрбиешілер, барлық жастағы топтардың ата-аналары, есепші.

Мерзімі: жыл бойы

3. Балалардың денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша ата-аналармен санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, медбике.

Мерзімі: жыл бойы


4. Балабақшадағы ақылы би үйірмесі және қуыршақ театрынан түскен қаражатқа кітап бұрышына арналған сөрелер мен кітаптар алу.

Жауаптылар: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Байтемиров.

Мерзімі : 2023ж ақпан айына дейін

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:  Байтемиров Е.

Хатшысы :



Исабекова И.

Хаттама №3

МКҚК «Әлия» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңес отырысы

Өтілген күні: 31.03.2023жыл

Қатысқандар саны -9адам

Комиссия мүшелері

Пренов Н

Байболова А

Исхаков Ж

Байтемиров Е

Рустемов У

Миянов Б

Жумабаев У

Жақсыбаев Т

Абдиев Н

Шақырылды : Балабақша меңгерушісі-К.А.Досмуратова

Балабақша есепшісі- Р.Айдарбекова

Балабақша психологы- М.Токанова

Балабақша әдіскері- С.Байболова

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылына арналған балабақша бюджеті туралы
2. Балабақшада тамақтануды ұйымдастыру туралы.
3. Аумақты абаттандыруға көмек (учаскелердегі жабдықтарды сырлау, сенбіліктерді, гүл көшеттерін сатып алу,ағаш бұтақтарын кесу)
4. Қамқоршылық кеңестің жұмысы туралы есеп

I ТЫҢДАЛДЫ: 2022-2023 оқу жылына арналған балабақша бюджеті туралы

СӨЙЛЕДІ: Бірінші сұрақ бойынша балабақша есепшісі Р.Айдарбекова қаражат жұмсау туралы балабақшаның қызметін ұйымдастыруға қала әкімдігі бюджетінен бөлінетін қаражат есебінен жүзеге асырылады. Ол балабақша бюджетін қалыптастыру принциптері, бөлінген қаражат туралы айтты. Ақшалай қаражаттың жұмсалуды туралы есеп берді.

Сөз алды: комиссия мүшесі Т. Жақсыбаев балабақша ата-аналарынан жас топтарына кеңсе тауарларын сатып алуға көмек сұрау.

ШЕШІМ: 2022-2023 оқу жылына жас топтарына кеңсе тауарларын сатып алу үшін демеушілік көмек бөлу туралы өтініш.

II ТЫҢДАЛДЫ: Балабақшада тамақтануды ұйымдастыру туралы.

СӨЙЛЕДІ: Екінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі К.Досмуратова тыңдалды. Ол балабақшада балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру әр жас тобының күн тәртібін қатаң сақтауға сәйкес орындалатынын, тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесі бойынша санитарлық-

гигиеналық талаптарды сақтау қамтамасыз етілгенін хабарлады. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыруды күнделікті бақылау жүзеге асырылады.

СӨЗ АЛДЫ: У.Жумабаев қанағаттанушылық білдірді. Ата-аналар қоғамдастығы балабақшадағы балалардың тамақтану мәзірі, көкөністер мен жемістердің көп болуы туралы айтты.

ШЕШІМ : ата-аналар үшін балабақша мәзіріне енгізілген тағамдар көрсетілген дөңгелек үстел ұйымдастыру.

1. **ІІІ ТЫҢДАЛДЫ:** Аумақты абаттандыруға көмек (учаскелердегі жабдықтарды сырлау, сенбіліктерді, гүл көшеттерін сатып алу, ағаш бұтақтарын кесу)

СӨЙЛЕДІ: Үшінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңестің төрағасы жазғы кезеңде балабақшаны ағымдағы жөндеу туралы айтты. Оның айтуынша ата-аналар жазғы демалысты ұйымдастыруға ойын алаңдарын сырлауға өз көмегін ұсынуы керек, - деді.

СӨЗ АЛДЫ: комиссия мүшесі А.Байболова, бастаманы қолдады. Қамқоршылық кеңес төрағасы және ата-аналар чаттарына серуендеу алаңдары, гүл көшеттерін сатып алу, балабақшаға алдағы жөндеу жұмыстарына көмек көрсету бойынша акция ұйымдастыру керек екенін ұсынды.

ІV ТЫҢДАЛДЫ: Қамқоршылық кеңестің жұмысы туралы есеп

СӨЙЛЕДІ: Қамқоршылық кеңестің төрайымы сөз алды. Қамқоршылық кеңестің бірінші отырысында оның құрамы сайланды және бекітілді, төраға сайланды. Қамқоршылық кеңес туралы ереже бекітілді. Осыған сәйкес балабақша бойынша «Қамқоршылық кеңес құру туралы» бұйрық шығарылды. Оқу жылының басынан бастап Қамқоршылық кеңес оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға белсенді қатысты. Құрамына 9 адам кірді. Қамқоршылық кеңес жұмысының басым бағыттары:

-балаларды балабақшада оқыту мен тәрбиелеудің қауіпсіз жағдайларын жасауға жәрдемдесу;

-балабақшаның материалдық-техникалық базасын жетілдіруге, оның үй-жайлары мен аумағын абаттандыруға жәрдемдесу;

- балабақшаның конкурстарын, жұмыстарын, бұқаралық іс-шараларын ұйымдастыруға жәрдемдесу;

-балабақша қызметкерлерінің еңбек жағдайларын жақсартуға және ұйымдастыруға ықпал ету. Қамқоршылық кеңестің 3 отырысы өткізілді, онда тәрбиеленушілердің мінез-құлқының алдын-алу жұмыстарын жетілдіру, балабақша ауласын көгалдандыру және балабақшаны ағымдағы жөндеу бойынша балабақша мен отбасының серіктестігі мәселелері қаралды.

Қамқоршылық кеңестің тікелей қатысуымен бірқатар мәселелерді шешу мүмкін болды: -ішкі тәртіп ережелері;

- мерекелерге арналған тіркеу.


Қамқоршылық кеңестің балабақшаның қызметі мен дамуын қамтамасыз ету үшін қосымша ресурстар тартуға, балалардың оқу жағдайларын жақсартуға мүмкіндік берді. Балабақшада өтетін барлық мерекелік күндер: «Мұғалімдер күні», «Республика күні», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» Қамқоршылық кеңестің

қолдауымен өткізіледі. Қамқоршылық кеңес мүшелері балалардың ыстық тамағының сапасын ұйымдастыруға және бақылауға тікелей қатысады.

ШЕШІМ:

1. Ата-аналар қауымдастығын балабақша аумағын алдағы оқу жылына дайындауға шақыру.
Жауаптылар: комиссия мүшелері
Мерзімі : сәуір-мамыр 2022-2023жж.
2. Балабақшадағы гүлзарларды көгалдандыру үшін гүл көшеттерін сатып алу.
Жауаптылар: комиссия мүшелері
Мерзімі : сәуір-мамыр 2022-2023жж.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы қанағаттанарлық

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:  Байтемиров Е.

Хатшысы :  Исабекова И.